



№ 213

Қобда ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 тамыздағы №171 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31,37 баптарын, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңының 6 бабының 4 тармағын басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Қобда ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 тамыздағы №171 «Қосымша штаттық бірліктер бекіту туралы» қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Атауы:

«Қосымша штаттық бірліктер бекіту туралы» деген сөздер «Қобда аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шұғыла» балабақшасы» және «Балдырған» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарының кеңейтілу және қосымша штаттық бірліктер бекіту туралы» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармағы төмендегі редакцияда баяндалсын:

«1.«Қобда аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шұғыла» балабақшасы» және «Балдырған» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындары 2012 жылдың 1 қазанынан бастап қосымша 2 топ 50 орындыққа кеңейтілсін және 1,2 қосымшаға сәйкес штат бірліктері бекітілсін.».

2.Осы қаулы мүдделі жақтарға жолдансын.

3.Қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің
міндетін атқарушы



Б.Құлов